АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АУЫЛ АМАНАТЫ

АРАЙЛЫМНЫҢ ҚҰСТАРЫ

Шалқар ауданы Шетырғыз ауылының тұрғыны Арайлым Доштияровaның 100 тауығы бар. Ол бұл кәсіпке «Ауыл аманаты» жобасы арқылы қол жеткізген.

Аталған жобамен 1 миллион 800 мың теңге несие алып, үй құстарының басын көбейтуді бастапты. Арайлымның ауылға келін болып түскеніне 5 жылдай уақыт болған.

— *«Ауыл аманаты» жобасының тиімділігін ауылымыздың әкімі Жанна Әбденовамен кездесуде тереңірек түсіндім. Пайызы аз, ойлаған кәсібіңді жүзеге асыруға қолайлы бағдарлама екендігіне көз жеткізе келе, жолдасым екеуіміз ақылдасып, құс шаруашылығын дамытсақ деген бір шешімге келдік. Қазіргі күні жүздің үстінде тауығымыз бар, алда оның санын тағы да арттырамыз. Құстың басқа да тұқымдарын алдыртқымыз келеді. Ауылда тек қана мал шаруашылығымен қалып қоймай, өзге де шаруашылықтарды жандандыруға мүмкіндік бар. Өйткені қазір көгілдір отыны бар, ауызсу мәселесі шешілген,* — дейді Арайлым.

Ауладан кәсіп ашуға талпынған бала-келіннің талабын ата-енесі Бекболат аға мен Ақтолық апай да бірден қолдапты. Жаңа жобаның арқасында қора-жайға жиналған құстарды олар да көзінен таса қылмайды. Уақтылы жемін, суын береді. Отбасылық кәсіпке айналған жобаның жемісі көп ұзамай көрінуге тиіс.

Мұхтар МЫРЗАЛИН,
Шалқар ауданы.

Өтебай Қанахин — 100

ЖАЗУШЫ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жуырда Ырғыз аудандық тарихи-өлкетану музейі аудан әкімдігімен бірлесіп, көрнекті жазушы Өтебай Қанахиннің туғанына 100 жыл толуына орай шара ұйымдастырды. Оған жазушының ұрпақтары қатысты.

Ырғыз ауылындағы Өтебай Қанахин атындағы көшеде жазушыға арналған түрлі іс-шаралар өтті.

Шара барысында аудандық кітапхана оқушылар арасында «Ұшқыр ой» интеллектуалды сайысын өткізіп, Өтебай Қанахин көшесінде тұратын тұрғындар үшін «Үлгілі үй» байқауын, қазақша күрес пен «Түйе палуан» жарысын, жәрмеңкелер және жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған көрмелер ұйымдастырды.

Көрмеге жазушының қолданған шаңғысы, портфелі, жеке күнделігі, кітаптары қойылды. Аудан тұрғындарына мерекелік концерттік бағдарламалар ұсынылды.

Осы шаралар аясында өткен сайыстарда белсенділік танытып, жүлделі орындарды жеңіп алған қатысушыларға Құралай Қанахина өз отбасының атынан естелік сыйлықтар табыстады.

Бұдан әрі «Арай» аудандық мәдениет үйінде «Туған жердің тұғыры биік тұлғасы» атты конференция өткізілді. Онда жазушы туралы мазмұнды әңгімелер, қызықты естеліктер айтылды. Шараны Қазақстанның құрметті журналисі Рақымжан Өтеміс жүргізді.

Кеште аудан әкімінің орынбасары Айбек Өксікбаев сөз сөйлеп, музей директоры Әлібек Таубатыров баяндама оқыды. Тарихшы ғалымдар Мұхамбетшәріп Кенжебай, Үмбетқан Сәрсембин, Ырғыз ауданының құрметті азаматы Нұрқасым Сәрсенбаевтар әсерлі әңгімелермен бөлісті.

Мерейтойға жазушының Өзбекстанның Тамды ауданынан, Алматы, Астана, Ақтөбе қалаларынан, Қызылорда облысының Қазалы, Арал және Әйтеке би аудандарынан жақындары келіп қатысты.

Шарада жазушы мен оның отбасы туралы бейнероликтер, ақын Қадыр Мырзалиевтің зайыбы мен баласының, ақын Ақұштап Бақтыгереевaның, Үмбетбай Уайдиннің жары Мәриям Алдановaның бейнежолдаулары көрсетілді.

Конференция соңында Саябек Қанахин әке өнегесі туралы естелік әңгімелерін айтып, Ырғыз жұртына алғысын білдірді.

Д.АЙДАР,
Ырғыз ауданы.

Кәсіп

ГҮЛЖАНАТТЫҢ ӘШЕКЕЙЛЕРІ

Хромтау қаласының тұрғыны Гүлжанат Жаманғарина арнайы бөлшектерден ұлттық нақыштағы әшекейлер құрастырады. Оның қолынан шыққан сәндік әшекейлер хромтаулықтар арасында сұранысқа ие.

Он саусағынан өнер тамған кейіпкеріміз бастапқыда әшекей жасауға жай ғана қызығушылық ретінде қарап, өзіне, қыздарына шашбау, алқа жасаған. Кейін көздің жауын аларлық бұйымдар өзгелердің де назарын аударып, оған туыстары, достары мен таныстары тапсырыс бере бастайды. Сөйтіп, Гүлжанат

бұл іске қаңтар айынан бастап кіріскенін айтады.

Шығармашылыққа бейім ол дайын әшекей бөлшектерінен композиция жасайды. Яғни бөлшектерді арнайы құралдармен біріктіріп, сәндік бұйымдарды әзірлеп шығарады. Бұл іс бір қарағанда оңай көрінгенімен, өте ұсақ бөлшектерден тұратын әшекейді талғамы жоғары, төзімді әрі икемді адам ғана жасай алады. Гүлжанаттың айтуынша, бір бұйымды жасауға бірнеше күн қажет. Алдымен шебер қажетті бөлшектерді Ақтөбе қаласынан таңдап алып келеді. Одан соң дизайнды ойластырып, бөлшектерді біріктіруге кіріседі. Бір жиынтық құрамына білезік, сырға, сақина, шашбау, алқа және шекелік (баскиімінің шеке тұсына тағылатын әшекей бұйым) кіреді. Мұндай жиынтықтың бағасы жиырма бес мың теңгеден басталады.

— *Бөлшектерді ұзақ уақыт таңдаймын. Өйткені әдемі әшекей жасап шығару үшін олардың үйлесімді болуы маңызды. Темір бөлшектер әр қатарға бірдей ұзындықта жалғануы керек. Әшекейді үш-төрт сағатта жасап шығара алмайсың. Тістеуікке ұқсас, арнайы құралмен темір бөлшектерді ұзақ уақыт бойы біріктірген кезде қолың талады. Оны тапжылмай жасап отыру оңай емес. Сондықтан әлсін-әлсін үзіліс алып отырып жасаймын. Дегенмен маған бөлшектерді үйлестіріп, әшекей жасаған ұнайды. Сондықтан болар, оның қиындығы аса білінбейді,* — дейді ісмер.

Ол өзі жасаған әдемі де айшықты әшекейлерді мереке күндері ғана емес, күнделікті өмірде де тағып жүреді. Осылайша ұлттық нақыштағы бұйымдарды насихаттап жүрген ол кез келген киім үлгісін заманға сай үйлестіруге болатынын аяқтады:

— *Әшекей-бұйымдарға Наурыз мерекесінің қарсаңында, басқа да мерекелерде, қыз ұзату тойына тапсырыс көп түседі. Ұлттық нақыштағы бұйымдарға жастар мен жасөспірімдердің де қызығушылығы ерекше. Мәселен, маған оқушы бала хабарласып, сегізінші наурызға жиырма бір шекелікке тапсырыс берді. Ол сыныбындағы қыздарға сыйлық жасағысы келген екен. Маған бір күн қалғанда хабарласты. Уақыт өте тығыз болды. Түнде көз ілмесем де, таңға дейін жасап бердім. Кәсібімді әлеуметтік желі арқылы жүргізіп отырғандықтан, бұйымдарға еліміздің түкпір-түкпіріндегі қыз-келіншектерден де сұраныс бар. Арасында тапсырыс беретін өзге ұлт өкілдері де кездеседі,* — дейді ол.

Гүлжанат — аудандық іскер әйелдер қауымдастығының мүшесі. Аталған қауымдастықтың ұйымдастыруымен жақында аудан орталығында облыстық форум өтті. Форум барысындағы жәрмеңкеде Гүлжанат өз бұйымдарын тұрғындарға ұсынды. Шараға біз де қатысып, тұрғындардың ұлттық әшекейлерді көптеп сатып алып жатқанын байқадық.

— *Қауымдастыққа мүше болып кіргеніме көп уақыт өткен жоқ. Соның өзінде бірнеше ауқымды іс- шараның куәсі болдым. Жақында өткен форумда хромтаулық қыз-келіншектер: «Ұлттық әшекейлер өзіміздің ауданымызда бар екен ғой. Енді алысқа барудың керегі жоқ» — деп айтып жатты. Сатып алушылардың көпшілігі әшекейлерге қызығып, оны өздеріне немесе жақындарына сыйлық ретінде алды. Сондай-ақ соңғы уақытта қауымдастықтың форумдарында, жиындарында әшекей-бұйым жасау бойынша шеберлік-сағаттар өткізіп жүрмін,* — дейді кәсіпкер.

Кәсіп иесі алдағы уақытта темірден жасалған бұйымдарды ғана емес, күміс әшекейлерді де сатылымға шығаруды жоспарлап отыр.

Жанел НҰРБОЛАТҚЫЗЫ,
Хромтау ауданы.

Сана

ЖОЛДАРДЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Ақтөбедегі өзекті мәселелердің бірі — жол. Облыс аумағындағы республикалық маңызы бар жолдарды айтпағанның өзінде, қала ішіндегі жолдардың сапасы сын көтермей жатады. Тек соңғы жылдары ғана жолдың сапасы жақсарып келеді. «Жол аквтивтерінің ұлттық сапа орталығы» Ақтөбе облыстық филиалының директоры Тельман Малаев жол сапасына қатысты айтып берген-ді.

Жол сапасы — әлеуметтік маңызы бар мәселе. Ақтөбедегі жолдарды жөндеу, оны күтіп ұстауға жыл сайын қыруар қаржы бөлінеді. Тельман Малаевтың айтуынша, мердігер мекемелер жол салудың технологиясын сақтамайды. Мәселен, биыл 52 мың 271 шаршы метр асфальт жамылғысы сапасыз деп танылып, мекеме ол жерлерді өз қаражатына қайта салған.

— Қазір 145 нысан тексеріліп жатыр. 312 рет жолға шығып, құрылыс материалдарынан 1046 сынама алдық. Тексеріс нәтижесінде 218 сынама стандартқа сай болмай шықты. Жолдың бойынан 134 ақау анықталса, оның 66-сы әлі күнге дейін жөнделген жоқ, — деді Тельман Малаев.

Мәселен, орталық мамандары облыстық маңызы бар Дөң мен Бадамша ауылының арасында салынып жатқан жолдың бір бөлігінде асфальтты бетон жамылғысының талапқа сай еместігін анықтады. Ол жерде асфальттың қалыңдығы 8 сантиметр болуы керек, ал мердігерлер 6 сантиметр қалыңдықта төсеген. Сынамалар да талапқа сай келмейді. Кемшілік анықталғаннан кейін мекеме 5 шақырым жерді қайта салған. Қаланың ішіндегі Құрашасай елді мекеніне баратын жолдың бойынан да осындай кемшілік анықталды. Қазір жол қайта салынып жатыр. Бадамша мен Степной арасындағы жолды салып жатқан «Информстрой сервис» мекемесі де кемшіліктерге жол берген. Бірақ ескертуге тіпті құлақ аспапты.

— Бұл екі ортадағы жолдың 13 шақырымы былтыр салынды. Биыл қалған екі шақырымы орташа жөнделуі керек. Аталған мекеме биыл сапа орталығымен келісімшарт жасасты. Яғни мамандар екі шақырым жолдың сапасын тексерді. Нәтижесінде жолдың 1 шақырым 400 метрі талапқа сай болмай шықты. Жолдың қалыңдығы 15 сантиметр болуы керек. Бірақ ол жерге төселген құрылыс материалының қалыңдығы — 6-8 сантиметр ғана. Бұдан бөлек 600 метр жерге мүлде жол салынбаған. Осыларды көрсетіп, мердігер мекемеге ұсыныс хат жолдадық. Бірақ әлі күнге дейін кемшілік жойылған жоқ. Бұл — 2 шақырым жолды тексерген кездегі көрген кемшілік. Ал бұған дейін салынған 13 шақырым жолдың сапасы қандай екені белгісіз, — дейді Тельман Малаев.

Орталық директоры бұндай мәселенің барлығы жолды салу кезінде бақылаудың болмауынан туындап отырғанын айтады.

— Жол салу кезінде техникалық қадағалаушы жұмыс істейді. Бұл мақсатқа қыруар қаражат бөлінеді. Техникалық қадағалаушы күні-түні жолдың сапасын тексеріп отыруға тиіс. Егер асфальт құрылысына қажетті материалдың бірі кем болса, сапа нашарлайды. Мәселен, талап бойынша асфальтты 12 рет нығыздау керек. Ал мердігерлер үстінен 3-4 рет қана нығыздайды. Дұрыс нығыздалмаған асфальт су тиген кезде шашылып қалады. Осының барлығын техникалық қадағалаушы бақылауы керек. Өкінішке қарай, бұл мамандар жұмысына салғырт қарайды. Ал біздің орталық өңірдегі жолдың барлығын қамти алмайды. Жарғыда тек ішінара қарау керектігі жазылған. Ішінара қарағанның өзінде осындай кемшіліктер анықталып отыр, — дейді Тельман Малаев.

Ақтөбенің оңтүстік айналма жолындағы көпір құрылысы да осындай салғырттықтың кесірінен 3-4 жылға созылып кеткен. Биыл құрылыс қайта жүріп жатыр.

Орталық директорының айтуынша, жол жағдайының жақсармауына тағы бір себеп — компаниялардағы маман тапшылығы. Өз ісін білетін, арнайы оқу орнын оқыған мамандар. Басым бөлігі — кәсіби емес, бірақ құрылысқа икемі барлар. Ал маман білікті болмағаннан кейін және жол техникалық талаптарға сай салынбағандықтан ұзаққа бармайды. Бұған қоса қала көшелерінде суағарлар жоқтың қасы. Асфальтты бүлдіретін — су. Жаңбыр мен қар суы асфальттың бетінде тұрады. Бұның соңы оның уақытынан бұрын тозуына әкеледі.

Кәмшат ҚОПАЕВА.

Тағзым

ШӘМШІ ӘНДЕРІН ШЫРҚАДЫ

Қарғалы ауданы Шәмші ауылында Қазақстанның халық артисі Шәмші Қалдаяқовтың туған күніне орай еске алу іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара барысында «Шәмші» қорының төрағасы Бақыт Ғизатов бастаған ел азаматтары ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлы сазгердің рухына тағзым етті.

— Арыстың жағасынан түлеп ұшқан Шәмші бүкіл қазақ даласын әнмен әлдиледі. Шәмші Қалдаяқовтың ән мұрасы бүгінде ұлтымыздың мәңгі өшпес рухани құндылығына айналды. Оның рухына тағзым ету біздің перзенттік парызымыз, — дейді «Шәмші» қорының төрағасы, ардагер Бақыт Ғизатов.

Тағылымды шара «Шалқиды әлі — Шәмшінің әні» атты мерекелік концертке жалғасты.

Бақыт ИМАШЕВ,
Қарғалы ауданы.



«ҚМК МУНАЙ» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2023 жылғы қазанның 2-сі сағат 12:00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл а.о., Саркөл а., Геолог көшесі, 25 мекенжайы бойынша Шұбаршы клубында қоғамдық тыңдау өткізіледі.

«Құмсай кен орнының жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы»;

«Көкжиде кен орнының жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы»;

«Мортық кен орнының жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы»;

Құмсай тұзүсті кен орнында жобалық тереңдігі 400 метр пайдалану тік ұңғымаларын бұрғылауға арналған топтық техникалық жобаға қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

Мортук тұзүсті кен орнында тереңдігі 400 метр тік ұңғымаларды бұрғылауға арналған топтық техникалық жобаға қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

Құмсай тұзүсті кен орнындағы №№НК-125, НК-126, НК-127 көлбеу бағыттағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылаудың техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

Құмсай тұзүсті кен орнындағы №№НК-128, НК-129, НК-130 көлбеу бағыттағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылаудың техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

Құмсай тұзүсті кен орнындағы №№НК-131, НК-132, НК-133 көлбеу бағыттағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылаудың техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

Құмсай тұз үсті кен орнындағы №№НК-134, НК-135, НК-136 көлбеу бағыттағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылаудың техникалық жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

«Құмсай тұзүсті — 2024 кен орнын жайластыру» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

«Мортук тұзүсті — 2024 кен орнын жайластыру» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі

«КМК Мұнай» АҚ «ПС 35/10 кВ қосалқы станциясы» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Тапсырыс беруші – «КМК Мунай» АҚ 8(7132)768-926 Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 42 А.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар видеоконференция түрінде өткізілетінін хабарлайды (Zoom Video Communications бағдарламасы арқылы, логин: 883 8614 9700, пароль: gzK5zV).

Қосымша ақпаратты астыда көрсетілген электронды пошта және телефоны бойынша алуға болады: zarina.arturova@mail.ru; +7 707 883 13 43.